

Әлеуметтік педагогтың 2022-2023 оқу жылына арналған талдауы

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары құрылды.

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмысының мақсаты: мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, жартылай жетім оқушылармен әлеуметтік қолдау, жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқық бұзуға бейім, балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Қарасу негізгі мектебінің 2022-2023 оқу жылының тамыз-қыркүйек айларында бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды. Жоспарға сай нормативтік – құқықтық құжаттар базасы жинақталды.

Мектеп бойынша оқушылар санының көрсеткіші

р\с	Оқу жылы	Бала саны	Әлеуметтік жағдайы бойынша есепте
1	2022-2023	I жартыжылдық 48 II жартыжылдық 46	-

Мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайының көрсеткіші

р\с	Оқу жылы	Көп балалы	Аз қамтылған	Жартылай жетім	Әкесі қайтыс	Анасы қайтыс	Өгей әкелерімен тұратын	Өгей аналарымен тұратын	Үйден оқитын оқушы	Отбасында мүгедегі бар оқушы	Толық емес отбасының оқушы
1	2022 - 2023	6/13	2/4	1/1	0	1	1	0	0	0	2

«Жалпыға бірдей білім беру» қорынан тамақ ішетін оқушылар көрсеткіші

р/с	Оқу жылы	1-4 сынып	Аз қамтылған	Жартылай жетім	Жалпы саны
1	2022-2023	3	1	0	4

2022-2023 оқу жылының басында мектеп бойынша әр оқушының әлеуметтік мәртебесі анықталып, барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынды.

Көпбалалы отбасы балалары, жартылай жетім балалар және аз қамтылған отбасы балаларының оқулықпен қамтамасыз етілуін тексерілді және де сол аталған отбасы балалары түгелдей дерлік кітаппен қамтылды.

2022 – 2023 оқу жылында « Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы «Шекарасыз жақсылық » ұранымен басталды.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған, көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата – ананың қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және балалар жылын іске асыру шеңберінде әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету.

Жылдағы дәстүрмен 1 сыныптың 8 оқушысына Ойыл ауданының туылған кәсіпкер Т.Салпиков сөмке және оқу құралдарын табыстады. Ойыл желілік техникалық учаскесі АҚ «Қазақтелеком» 30000 теңгеге азқамтылған, көпбалалы отбасы Жұмабекқызы Ақеркеге мектеп формасы мен мектеп аяқ киімін алып берді. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысы негізінде ата – аналардан өтініш қабылданып, 4 білім алушыға «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында материалдық көмек көрсетуге 37389 теңге көлемінде бюджет қаражаты бөлінген. Ата – аналар түскен қаражатқа балаларына оқуға қажетті киімдер және оқу – құралдарын алды. «Еуразиялық банк» АҚ №3 Филиалның директоры Кулдыбаева А.Е. 50000 теңге көлемінде көп балалы, азқамтылған екі отбасы балаларына мектеп киімдерін табыстады және Жұмабекқызы Көркемге Ойыл аудандық аурухана бөлімі 20000 теңгеге мектеп формасымен , аяқ киім алып берді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы. Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда –Қр Үкіметінің 30.12.2020 №949 қаулысы негізінде

"Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын басшылыққа ала отырып , «Жалпыға бірдей білім беру » қоры есебінен қыркүйек айынан бастап 4 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды..

"Отбасы күні" мерекесіне орай "Отбасы жарастығы" дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Бұл дөңгелек үстелдің мақсаты ата – анаға баланың жан – дүниесін түсіне білуге кеңестер беру.

Отан – әрбір шаңырақтан басталады. Шаңырақ шаттығын ойлаған жан отбасындағы жарын, балаларын сүйеді, өзгеге үлгі көрсетеді. Сол сүйіспеншілік айналасындағыларды, туған-туыстарын, жақын жандарын жақсы көруге, бауыр басуға ұласады. Мұның арғы жағынан Отан деген үлкен ұғым. Дөңгелек үстелде ата – анаға кеңестен бөлек көптеген тренингтер ойнатылды. «Өрмекшінің торы», «Сикырлы таяқ» т.б ойындар ойнатылды.

Қазан айында «Құқықбұзушылық» тақырыбында 5-6 сынып оқушыларына баяндама оқылды. Оқушылар жалпы құқықбұзушылық қайдан шығады, оның алдан – алу, құқық бұзушылыққа бой алдырмаудың жолдарын, өзін – өзі тәрбиелеу, қоғамға жат қылықтан аулақ болуға, қандай жағдайда өз құқығы мен міндетінде қорғай алатындықтары жөнінде мағлұмат алды.

7-9 сынып білім алушыларына қараша айында «Құқығым бар» атты тренинг өткізілді және «Өмірдің өзі күрес» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс – шаралардың мақсаты балаларға міндетсіз құқықтар, құқықсыз міндеттер жоқ екенін түсіндіру, балалардың «Бала құқықтары туралы» Конвенция, негізгі құқықтары туралы білімдерін жалпылау. Оқушыларға бала құқықтары туралы конвенцияда белгіленген құқықтар мен міндеттер таныстырылды. Әңгімелесу барысында балаларға әртүрлі құқықтық сауалдар қойылды, оларды балалар талқылап, жауапкершілікпен жауап берді.

"Балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілеріне ден қою алгоритмі" бойынша ата-аналар мен педагогтер арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.


Желтоқсан айы 7 – 9 сыныптарға «СПИД – ке жол жоқ!» атты тәрбие сағатын медбике мен әлеуметтік педагог өткізді. СПИД туралы біраз мағлұматтар мен оның жұғу жолдары және денсаулыққа зиян екенін білді.

Биыл аудандық жаңа жыл кешіне мектебімізден азқамтылған 1 оқушы Ниязбекова А және көпбалалы 1 оқушы Нұрсейтқызы А аудан әкімінің құттықтау хатымен жаңа жылдық сыйлықтарын алды. Биыл тағы бір ерекшелік облысқа 1 оқушы, үздік оқушымыз Әлуова А қатынасып, 100000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық алды.

4 сынып білім алушыларына ауылдық аумболатория медбикесі мен әлеуметтік педагог «Дұрыс тамақтану қағидалары» тақырыбында дәрігерлік кеңес сабағын өткізді.

«Дұрыс тамақтану» тақырыбында оқушыларға дәрігерлік кеңестер берілді. Оқушыларға дұрыс тамақтану туралы білімдерін кеңейту, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу сонымен қатар тазалық гигиенасы туралы ережелерді түсіндіру.

Ақпан айында «Ас адамның арқауы!» тақырыбында ыстық тамақпен қамтылып отырған оқушылардан дұрыс тамақтану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама барысында 9 оқушы жауап берді. Сауалнама мәтінінде мектеп асханасында беріліп жатқан тамаққа көңілің тола ма, тамақтану ережесін білесің ба, асханаға кірген кезде тазалық гигиенасын қолданасың ба, асхананың тамағы дәмді ме, асханаға күніне неше рет келесің, асхана аспазшысының көрсеткен қызметі ұнай ма. Мектеп асханасы оқушыларға уақытылы сапалы тамақпен қамтамасыз етіп отыр. Оқушылардың асханаға, аспазшыға деген ешқандай қарсы пікірлері болмады.



Мектебіздің еріктілері мен әлеуметтік педагог «Көмектесе білейік» ауылымыздың азқамтылған, көпбалалы отбасылардың аулаларын қардан тазалау жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар ауылымыздағы мүмкіндігі шектеулі азаматтың үйіне барып, ыстық лебіздерін білдіріп, шағын сыйлықтарын тарту етті. Мақсаты оқушылардың санасына мейірімділік, қайырымдылық, жанашырлық ұғымдарын қалыптастыру және дамыту.

Наурыз айында «Жаман әдеттен сақ болайық» танымдық сабақ болды. Оқушыларға темекі, ішімдік, есірткі зиянын, осы зиянды заттардың салдары туралы білімін кеңейту, ой пікірін ортаға салу, қоғам талабына сай салауатты, білімді ұрпақ тәрбиелеу. Сәуірде 5 – 6 сыныптарға «Салауатты қадам» атты денсаулық сабақ өтті. Мақсаты оқушылардың зиянды заттар туралы білімдерін тереңдетіп, оқушыларды салауатты өмір салтына және имандылыққа тәрбиелеуге,

өз денсаулығының бағалы байлық екендігіне жағдай жасауға, спортпен айналысу т.б біраз мағлұматтар айтылды.

Мамыр айы оқушыларға қауіпсіздіктің алдын – алу түсіндірме жұмыстары жүргізілді сонымен қатар мектебіздің еріктілері «Біз еріктіміз» акция барысында түлектер аллеясының алғашқы жұмыстарына өз үлестерін қосты.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды келер оқу жылында жасаймын:

1. Өгей әкемен көптеген жұмыстар жүргізу
2. Жаңа оқу жылында оқушылардың ата-аналарымен мектептің қарым-қатынасын одан әрі нығайтып, оларды мектепшілік жұмыстарға көбірек араластыру;